МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ

# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

ҚазМұнайГаз CNPC

www.mmg.kz

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№09 (96), қазан, 2017 жыл

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

*Үздік маман - 2017*

# БІЗДІҢ АБДОЛ – ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ!




**Қыркүйек айының 25-29 аралығында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен «Үздік маман-2017» кәсіби шеберлік байқауының ақтық кезеңі өтті. Ұлттық компания деңгейінде екінші рет өткізілген байқауда еншілес мекеме мұнайшылары негізгі және жанама кәсіптің 17 түрінен сынға түсті.**

Жыл сайынғы дәстүрге сай, аталған шара екі кезеңді біріктірді. Бірінші кезеңде мұнай-газ кешенінің 30 мамандығы бойынша еншілес кәсіпорындардың 3000-ға жуық жұмысшысы бақ сынасты.

Байқаудың қорытынды бөлігінде мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор, ұңғымаларды зерттеу жөніндегі оператор, қабат қысымын ұстау жөніндегі оператор, мұнай кәсібі жабдығын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь, токарь, химиялық талдау зертханашысы, электр газбен дәнекерлеуші, электр жабдықты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтер, ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасы, ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадасы бойынша 126 қатысушы, цементтеу агрегатының машинист-моторисі, автомобиль жөндеу слесарі, автомобиль жүргізушісі, технологиялық қондырғылар операторы, компрессор қондырғыларының машинисі, технологиялық сорғылар машинисі, мұнай өңдеу мекемелерінің химиялық талдау зертханашысы мамандықтары бойынша 320 қатысушы өз шеберліктерін сынға салды.

Өз кәсібінің шеберлері қатысқан сайыстың биылғы ерекшелігі - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ арнайы веб-сайтынан байқаудың өту барысы туралы жаңалықтарды бақылап отыруға мүмкіндік жасалды. Әр аймақтағы корпоративтік порталдың қолданушылары оны онлайн режимінде көрді. Шара жеңімпаздарын «ҚазМұнайГаз»-ға қарасты кәсіпорын сарапшыларынан тұратын қазылар алқасы олардың кәсіби машығы, тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен қауіпсіздік техникасын сақтауын назарға ала отырып анықтады.

Бес күнге созылған республикалық байқау 29 қыркүйекте қорытындыланып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығының қатысуымен жеңімпаздар марапатталды.

Салтанатты шараға құттықтау жолдаған «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев қазіргі әлемдік дағдарысқа байланысты мұнай бағасының тұрақсыздығына қарамастан жұмыскерлерге әлеуметтік қолдаудың деңгейі сақталғандығына тоқталды.

- Бұл ҚМГ компаниялар тобының бизнес-бағыттардың көпшілігі бойынша оң нәтижелерге қол жеткізудің арқасында мүмкін болып отыр. Аталған заңды нәтиже - әкімшіліктің, жұмыскерлер мен кәсіподақтардың жұмыла жұмыс істегенінің айқын көрсеткіші. Сіздерге, «ҚазМұнайГаз» компаниясының табысқа жетуі жолындағы толағай үлестеріңіз, адал еңбектеріңіз үшін алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер, - делінген Басқарма төрағасының жолдаған құттықтауында.

*(Жалғасы 2-бетте)*




*Компания тынысы*

# БАСҚАРМА МАРАПАТЫ

9 қазан күні Қоғам Басқармасы компаниямызға қос жеңіс сыйлаған мұнай саңлақтары - «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының №1 цехының слесарь-жөндеушісі Абдол Бижанов пен өндірістік департаменті жөндеу-механикалық учаскесінің токары Рахат Имановты салтанатты түрде марапаттады. Ұжым алдында жеңімпаз мұнайшыларды қабылдап, алғыс білдірген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев оларға еңбек жемісін, шеберлік шыңын бағындыра беруге тілектестігін білдіріп, бірінші орынға бір айлық жалақы мөлшерінде, үшінші орынға айлық тарифі мөлшерлемесінен 50 көлемінде сыйақы тағайындалғандығы туралы бұйрықты жариялады.

Осындай марапат жеңімпаздарды сайысқа дайындаған тәлімгерлері - бас механик Қуаныш Ізденбаев пен жетекші механик Марат Бимағамбетовке де тиесілі болды.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов бірінші орын алған жеңімпаз Абдол Бижановқа алғыс хат пен ақшалай сыйлық табыстады.

# БІЗДІҢ АБДОЛ – ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ!




*(Соңы. Басы 1-бетте)*

- Кәсіби шеберлік конкурсы – бұл сала қызметкерлері үшін қуатты ынталандыру. Білікті де шебер маман қандай да марапатқа лайықты. Мұнайшылар арасында көптеген еңбек әулеттері, еңбек сіңірген жұмыскерлер және еңбек ардагерлері жеткілікті. Олар үшін мамандыққа адалдық, табандылық ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі үрдіс. Мұнай кәсіпшіліктеріндегі мамандардың өз шеберлігін үнемі арттыру бағытындағы ізденімпаздық, жаңашылдыққа бейімділігі қуантады. Бүгінгі байқау ежелгі еңбек дәстүріне адал ұрпақтың өсіп келе жатқанын дәлелдеді. Жарыстың барлық қатысушылары жоғары теориялық және тәжірибелік дайындық деңгейін көрсетті, өздері таңдаған мамандықтарына мақтанышпен және үлкен жауапкершілікпен қарайтындарын жария етті. ұжымдық рух бар екенін дәлелдеді, – деді өз сөзінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Әбденов мырза.

Дүбірлі күрес нәтижесінде барлық қатысушылар барын салып, жарыстың көрігін қайнатты. Себебі, тігілген байрақ та осал емес еді. Бірінші орын – 100, екінші орын – 70, үшінші орын - 50 айлық есептік көрсеткіш жалақыға қосымша төленетін үстеме ақы! Қызды-қызды жарыстан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мамандары да абыроймен шықты. Мұнай кәсібі жабдығын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі үздік слесарь және үздік токарь аталымдары бойынша бірінші және үшінші орындар біздің жігіттердің қанжығасында кетті.

– Алға қойған үлкен мақсатым орындалып, ұжымым артқан үміт ақталды! Алғаш болып әкеме, бастығыма хабарласып сүйінші сұрадым. Бұған дейін де грамоталармен марапатталғанмын, бірақ мен үшін бұл жеңістің жөні ерекше. Үздік маман атану, әрине, зор мәртебе. Бұл атаққа қол жеткізуіме ықпал еткен Амангелді Тасбаев, Нұрболат Арызғұлов ағаларыма құрметім де алғысым да шексіз. 14 жылдан бері осы кісілерден тәлім алып келемін. Еңбектерін ақтадым деп ойлаймын, - деді мұнай кәсібі жабдығын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь аталымы бойынша үздік маман атанған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының №1 цехының жөндеушісі Абдол Бижанов әріптесіміз толқып тұрып.

Үздіктермен үзеңгі қағыстырып, жеңімпаздың қатарынан табылған өндірістік департаменті жөндеу-механикалық учаскесінің токары Рахат Иманов та компаниямыздың мәртебесін асырғанын ерекше атап өткен жөн.

«Үздік маман» сайысы – персоналды басқару саласындағы компания қызметінің басым бағыттарының бірі. Ол әрбір жұмыскердің мүмкіндігін, кәсіби білігін ашуға барынша көмектеседі, ұжымда ашықтық, өзара құрмет, бәсекелестік және жолдастық жарысу ахуалын қалыптастыратындығын дәлелдеді.

*Внутренние коммуникации*

## ВСТРЕЧА С НЕФТЯНИКАМИ ЖЕТЫБАЯ

**20 сентября состоялась плановая встреча Правления АО «Мангистаумунайгаз» с трудовым коллективом ПУ «Жетыбаймунайгаз».**



Открывая встречу, Генеральный директор Бакыт Иманбаев представил трудящимся, недавно назначенного на пост председателя первичной партийной ячейки НДП «Нур Отан» в АО «Мангистаумунайгаз» Гани Абдисадык, к которому теперь можно обратиться по вопросам партийной деятельности, а также по вопросам вступления в ряды партии.

Далее Генеральный директор проинформировал о текущей деятельности и актуальных вопросах АО «Мангистаумунайгаз», в частности Бакыт Иманбаев рассказал о Программе трансформации, вопросах ротации кадров в Обществе.

Также был, затронут вопрос общественной безопасности в религиозной сфере. Сообщалось, что на сегодняшний день в регионе проводятся мероприятия по предотвращению распространения религиозных течений, носящих деструктивный характер.

В ходе встречи Правление Общества отметило работы, повышающие эффективность деятельности АО «Мангистаумунайгаз», речь идет о комплексных мероприятиях по внедрению системы видеонаблюдения на объектах, ситуационного центра и других информационно-аналитических и технических системах оперативного управления.

Кроме того, Бакыт Иманбаев сообщил, что АО «Мангистаумунайгаз» и АО «Народный Банк Казахстана» достигли договоренности о начислении бонусов в размере 5% на зарплатные карты при совершении покупок детских товаров.

Руководство компании, также, высоко оценило работы по организации посещения работников Общества и их детей международной специализированной выставки «Астана Экспо-2017», отметив при этом, что нефтяники не только воочию увидели и узнали о самых передовых энергосберегающих технологиях, но и ознакомились с историческими и культурными достопримечательностями столицы.

По результатам встречи Правление Общества дало ряд конкретных поручений руководителям соответствующих структурных подразделений.




*Партия тынысы*

## «НҰР ОТАН» - ХАЛЫҚТЫҢ ПАРТИЯСЫ



Қыркүйек айының 21-жұлдызы күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының өндірістік басқармасына қарасты орталық өндірістік қамту базасы ғимаратында «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ» бастауыш партия ұйымы мүшелерінің кездесуі өтті. Кездесуге бастауыш партия ұйымы төрағасы Ғ.Әбдісадық, бастауыш партия ұйымы төрағасының орынбасары, Қ.Иманқұлова қатысты.



Басқосудың негізгі мақсаты - қызметкерлерге партия мен оның қызметі туралы тұщымды ақпарат беріп, олардың азаматтық белсенділігін ояту арқылы партия қызметін жандандыра түсу болатын.

Кездесу барысында сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ» бастауыш партия ұйымының төрағасы Ғ.Әбдісадық партия тарихы мен оның бүгінгі күні жүзеге асырып жатырған қызметі мен жобалары жөнінде кеңінен тоқталды.

Партияның бүгінде азаматтардың, түрлі әлеуметтік топтардың саяси еркін білдіретін, олардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілдік және атқару, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қорғайтын және оларды қалыптастыруға қатысатын Қазақстан Республикасы азаматтарының еркін бірлестігіне, еліміздің басқарушы партиясына айналғанын тілге тиек ете келе кездесуге қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, сөз соңында партия мүшелерін белсенді болуға, «Ырыс алды - ынтымақ» деп, ауызбіршілікке, партия қатарын толықтыруға шақырды.

Өз кезегінде бастауыш партия ұйымы төрағасының орынбасары, Қ.Иманқұлова «Нұр Отан» - халықтың партиясы! Құрамында бір миллионнан астам мүшесі бар, үлкен мүмкіндіктердің есігін ашатын, алып саяси күш иесі» деп, партия мүшелерін енжарлықтан қашып, белсенділікпен партия қызметін жандандыруға үгіттеді.

Осы бағыттағы кездесулерді Қоғамның барлық бөлімдерінде кезегімен өткізу жоспарланған. Елбасы саясаты мен оны жүзеге асырудағы партия қызметі мен оның әрбір мүшесінің рөлі туралы толық ақпараттанып, Партия қатарын толықтыра түседі деп күтілуде.

*Новые технологии*

# ЦИФРОВИЗАЦИЯ – ПУТЬ К УСПЕХУ

**За последние десятилетия мир стремительно движется к экономике нового типа, где основным инструментом ее формирования становятся цифровые технологии. В современных условиях информационные технологии и цифровая трансформация являются основным фактором технологических перемен и условием обеспечения конкурентоспособности как на уровне отдельных предприятий, так и на уровне стран и наднациональных объединений, приводя к перестройке всех экономических и производственных процессов, повышению производительности, повышению качества и снижению себестоимости товаров и услуг.**

**Какие мероприятия в рамках цифровизации проводятся в АО «Мангистаумунайгаз», какие преимущества и новые возможности открывают цифровые технологии в нефтяном секторе об этом и многом другом рассказал директор Департамента автоматизации, информационных технологий и связи (ДАИТиС) Ербол Мукашев.**

**- Ербол Мурзабекович большинство современных компаний с помощью различных инструментов информационных технологий ведет постоянную оптимизацию и совершенствование бизнес-процессов, что в свою очередь приводит к определенным финансовым выгодам и снижению стоимости их выполнения, могли бы описать подобный опыт в АО «Мангистаумунайгаз»?**

- Наша Компания с 2015 года в рамках Программы трансформации активно участвует в проекте «Создание единых справочников товарно-материальных ценностей, работ и услуг контрагентов». Предпосылками создания данного проекта послужил ряд проблем, связанных с отсутствием эффективной технологии централизованного ведения и поддержки мастер-данных, разноплатформенность систем ведения этих данных, а также отсутствие эффективных инструментов доступа и поиска информации. Все это являлось следствием отсутствия единых методик, регламентов ведения данных. Поэтому АО «НК «КазМунайГаз» была разработана система управления мастер-данными – MDG.

MDG - это комплекс процессов, систем управления, стандартов и программ позволяющих единообразно работать с данными разного рода и характера. Проще говоря, MDM-система предоставляет собой целостный взгляд на все составляющие потребности бизнеса, в том числе на источники данных, авторство, качество, полноту и на потенциальное использование данных. Опыт других крупных компаний показывает, что наличие стандартизованных и унифицированных записей дает экономический эффект в виде сокращении закупа потребности от 15% до 30%, увеличении скорости поставки на 5-10%, исключение образования неликвида на складах до 100%.

**- Зачастую принято считать, что оптимизации процессов подвержены вторичные бизнес-процессы компании (бюджет, снабжение, налоговые операции, работы с персоналом), а как обстоит ситуация с оптимизацией жизненно важных производственных процессов?**

- На многих предприятиях по причине значительного износа оборудования и непрерывного характера производства, происходит увеличение затрат на поддержание и развитие производственных фондов. Потери, вызванные поломкой оборудования или остановкой производственного процесса, могут нанести существенный урон финансовой стабильности любой компании. Нередко ремонтные работы проводятся по «аварийному» принципу, а годовые плановые профилактические работы (ППР) выполняются не более чем на 40%. Поэтому задачи, связанные с оптимизацией процессов технического обслуживания и ремонтом оборудования (ТОиР) особенно актуальны.

На помощь оптимизации процессов ТОиР приходят современные EAM (Enterprise Assets Management) системы, являющиеся неким отраслевым стандартом в крупных производственных компаниях. Одной из таких систем является Галактика ЕАМ.

Галактика ЕАМ - специализированная система управления производственными активами. Система позволяет осуществлять автоматизацию всей цепочки управления оборудованием, организовывать бизнес-процессы, управлять активами, запчастями, персоналом, финансами, анализировать эффективность обслуживания оборудования, легко интегрируется со многими ERP -системами, и имеет удобную и гибкую WEB-платформу для мобильной работы.

Применение системы «Галактика ЕАМ» позволяет не снижая уровня надёжности сократить затраты на техобслуживание и ремонт и материально-техническое снабжение, тем самым повышая производственные параметры оборудования без существенного увеличения затрат. EAM-система управляет всем жизненным циклом оборудования: начиная с монтажа и сборки и, далее, до последующего обслуживания, сервисных и профилактических работ, модернизации, реконструкции и списания. В рамках этих задач обеспечивается поддержка всех бизнес-процессов.

**- Ербол Мурзабекович расскажите об основных трендах в сфере цифровых и информационных технологий?**

- Один из новых трендов в области развития информационных технологии, уже захвативший мир и осваивающий промышленные отрасли, в том числе и в нефтяной сектор, - это глобальный переход на мобильные устройства. Мировые гиганты нефтяной промышленности уже использует технологии цифрового контроля развития проектов с применением мобильных устройств. Подобные системные решения уже сегодня планируют и внедряют отечественные нефтяные компании, в том числе и АО «Мангистаумунайгаз».

В частности, АО «Мангистаумунайгаз» активно работает над получением информации с производственных управлений по замеру добываемого сырья. В целях получения этой информации было разработано специальное мобильное приложение «Замеры ТМ», на платформе Android, с его помощью можно получить вывод показаний замера жидкости на месторождениях «Каламкасмунайгаз» и «Жетыбаймунайгаз». Приложение установлено на планшетах мастеров, работающих на месторождениях. Мастера, обеспечивающие техническую исправность скважин, теперь могут более оперативно реагировать на поломки и заблаговременно предотвратить потерю добычи нефти. Данное приложение своевременно обновляется и представлено в Google Play.

Так же к собственной разработке можно отнести программу «Система оценки управленческих работников», данная система мотивирует сотрудников на эффективный труд, поскольку вознаграждение работников зависит от достижения определенных показателей. Реализация системы полностью соответствует существующей методике оценки управленческих работников.

**- В каких еще сферах применяются новые информационные технологии в АО «Мангистаумунайгаз»?**

- В июне 2015 года в АО «Мангистаумунайгаз» был презентован ситуационный центр онлайн-мониторинга автотранспорта. Для обеспечения бесперебойной работы ситуационного центра, компанией ТОО «Zerecon» был установлен центральный сервер с базой данных в режиме онлайн, мониторинг ведется посредством программного обеспечения «ARGUS». По результатам работы ситуационного центра, Правлением АО «Мангистаумунайгаз» было принято решение об оснащении всех транспортных средств GPS-терминалами интегрированными в систему мониторинга автотранспорта «АСКАТ», для осуществления контроля выполнения договорных обязательств, транспортными подрядными организациями.

Дальнейшее развитие GPS-мониторинга транспорта, ставит цель увеличить уровень безопасности при вождении, снизить аварийность и количество превышений скоростного режима, а также консолидировать и унифицировать данные поступающие от различных систем спутникового мониторинга транспорта с последующим их глубоким анализом. На базе системы GPS-мониторинга будет усовершенствована единая база данных передвижения всех транспортных средств, въезжающих на контрактную территорию АО «Мангистаумунайгаз». Количество превышений скорости, средняя и максимальная скорость движения на контрактной территории, количество и продолжительность производственных простоев и стоянок автомобильной техники, выявление транспортных средств с самыми высокими эксплуатационными затратами в простоях – все эти ключевые показатели будут выведены на экраны ситуационного центра в доступной форме, в виде динамических диаграмм и графиков.

Специализированное аналитическое программное обеспечение «Germes Reports», разработанное ТОО «Zerecon», позволяет производить сбор данных со сторонних программ GPS мониторинга, образуя единый аналитический свод информации. Формируемые системой данные позволяют производить сравнение по ключевым показателям среди подрядных компаний и собственных подразделений.

**- Основной целью Общества является увеличение добычи нефти и оптимизация затрат. Какой вклад вносит отдел автоматизации, телемеханики и метрологии (АТМ) в решение поставленных задач?**

- Основными целями отдела АТМ являются оптимизация затрат в области автоматики, телемеханики и метрологии Общества, поддержание в работоспособном состоянии средств автоматики, телемеханики и КИП, своевременная поверка всех средств измерений, находящихся на объектах Общества.

Также отделом разрабатываются технические условия на рабочие проекты по модернизации автоматизированных систем управления технологическими процессами (АСУ ТП). С 2012 года на объектах добычи внедряются системы управления групповой установкой (СУГУ-1), разработанные и спроектированные по техническому заданию специалистов отдела. В настоящее время ведутся работы по разным направлениям, таким, как система СУГУ-2 с элементами управления замерной установкой и беспроводной связью, система управления насосами БКНС с автоматизированным рабочим местом оператора, модернизация АСУ ТП на ГТЭС Каламкас для одновременной работы двух газотурбинных установок.

Успешный процесс переработки нефти и газа зависит от строгого контроля и поддержания на заданном уровне давления, температуры, расхода, а также от контроля качества выходного продукта. Современное нефтедобывающее производство возможно только при оснащении технических установок соответствующими автоматическими измерительными приборами, информационно-измерительными системами и системами автоматического управления технологическим производством. Поэтому одной из задач отдела является обновление приборного парка на месторождениях, замена морально устаревших средств КИП на современные и актуальные модели.

АСУ ТП - только одно звено из цепочки систем управления для нефтегазодобывающего предприятия, которое входит в общий комплекс автоматизированных систем управления производством. АСУ является основополагающей, так как вся информация в основном поступает от датчиков, обрабатывается, а только затем анализируется. Поэтому мы должны понимать, какое огромное значение имеют такие системы для автоматизации производства. Повсеместное внедрение проектов АСУ ТП и телемеханики на объектах АО «Мангистаумунайгаз» позволит повысить эффективность производства и построить комплексную информационную систему, в которой рождение информации не будет зависеть от ошибок персонала. Из этого можно сделать вывод, насколько важны данные, поступающие от систем телеметрии и АСУ ТП в реальном масштабе времени.

**- Какие меры предпринимаются для обеспечения своевременного и полноценного доступа работников Общества к производственной информации?**

- Сотрудники ПУ «Каламкасмунайгаз», «Жетыбаймунайгаз» и головного офиса в своей работе используют специальное программное обеспечение – автоматизированная система управления технологическими процессами (АСУТП) «Недра», а также программные продукты компании IBM: база документов Lotus Notes, «Сайты групп», веб-портал, и комплекс программных продуктов, разработанных программистами Департамента.

АСУТП «Недра» - это основной инструмент работы диспетчера Центрального инженерно-технологического департамента (ЦИТД), с помощью которого он управляет всем парком скважин и получает информацию по добыче нефти и возникающим нештатным ситуациям.

Информация из базы данных «Недра» в дальнейшем используется такими программами, как «График замеров телемеханики», «Замеры телемеханики», «Химлаборатория», «Суточный рапорт ЦДНГ», которыми пользуются в своей работе уже геологи, технологи и все остальные работники на месторождениях и в городе Актау.

С помощью программных продуктов IBM - Lotus Notes, веб-портал WebSphere Portal и «Сайты групп» все работники Общества могут просматривать производственные сводки, а также различную информацию, так необходимую для работы. И делать это они могут, находясь как на своём рабочем месте, так и находясь в командировках.

Постепенно, сменяя технологии с модемных соединений до подключения скоростных беспроводных каналов передачи данных, были обеспечены компьютерной сетью все объекты АО «Мангистаумунайгаз», включая самые отдаленные. Это позволило обеспечить работников Общества (в том числе и на месторождениях) доступом к информационным системам, функционирующим в Обществе, к сети Интернет, а также внедрить видеомониторинг буровых и ремонтных работ, организовать видеонаблюдение охраняемых и строящихся объектов, подключиться к магистрали точек радиодоступа передвижных бригад бурения, бригад КРС и ПРС, передающих видеоинформацию с камер видеонаблюдения в режиме реального времени в единый Ситуационный центр сбора и обработки оперативных данных, организованный ДАИТиС на месторождениях Каламкас, Жетыбай, Асар и в городе Актау.

С учетом больших возможностей по скорости передачи данных и покрытию территории месторождений, данная технология дает возможность концентрировать в центральных базах данных больший объем информации о производственных объектах, что позволит улучшить контроль и управление процессами нефтедобычи в АО Мангистаумунайгаз.

**- Ербол Мурзабекович большое спасибо за обстоятельное интервью. Желаем Вам успехов в дальнейшей работе!**

# ИННОВАЦИИ ПРИХОДЯТ НА «АСАР»

Сегодня глобальной задачей для нефтегазодобывающих предприятий является создание так называемой интеллектуальной модели месторождения и дальнейшее ее применение в реальном процессе добычи нефти и газа с целью оптимизации процессов добычи. Интеллектуальная модель месторождения подразумевает создание в итоге системы материального баланса месторождения и предоставления возможности качественного управления материальными потоками.

В 2018 году планируется запустить пилотный проект по цифровизации месторождения Асар ПУ «Жетыбаймунайгаз»: оснастить современными системами автоматизации ГУ-3, средствами контроля и управления добывающими и нагнетательными скважинами, а также системой телемеханики на основе проводных и беспроводных датчиков. Кроме того, планируется внедрить программное обеспечение отображения и анализа данных для управления одной или несколькими скважинами и групповой установкой с выдачей аварийных сигналов на все устройства, как компьютеры диспетчера, так и планшеты операторов ГУ.

В настоящее время большинство производственных процессов на нефтегазовых предприятиях автоматизировано, но при этом за человеком остается право принятия наиболее ответственных решений. Например, специалист, работающий с технологиями «умных» месторождений, может в режиме реального времени отслеживать технологические параметры, а также при необходимости в ручном режиме управлять технологическими процессами. После внедрения «умного» месторождения роль персонала в большей степени сведется к функции контроля, это значит, что операторы все равно будут необходимы. Просто им придется научиться работать с системой сбора, обработки и отображения информации в режиме реального времени.

Наше видение проекта «Умные месторождения» предполагает, что все службы получают информацию для того, чтобы непрерывно оптимизировать разработку – для получения объемов добычи в краткосрочной перспективе и создании ценности на протяжении жизненного цикла в долгосрочной перспективе. Также считаем, что особое внимание в рамках концепции интеллектуального месторождения нужно уделять вопросам прогнозируемости в процессе эксплуатации и предотвращения аварийных ситуаций, поскольку в нефтегазовой отрасли авария или простой в работе оборудования может обернуться серьёзными финансовыми потерями. В настоящее время нами совместно с другими структурными подразделениями Общества изучаются технические и финансовые аспекты внедрения «Умного месторождения» на объектах Общества.

По предварительным прогнозным данным, благодаря реализации проекта в целом на 1-3% сократятся производственные потери добычи, снизятся эксплуатационные затраты, а расходы на электроэнергию сократятся на 8-15%. Кроме того, благодаря управлению скважинами сократится восстановление работы скважины на 15-20%, - этот режим эксплуатации подземного оборудования позволит сократить количество ремонтов. Ожидаемая дополнительная добыча может составить в среднем на 2-2,5% в год. В настоящее время ежесуточная добыча нефти на месторождении Асар составляет около 1450 тонн нефти.

В нашей компании прекрасно понимают необходимость внедрения «Умного» месторождения и готовы уже сегодня вкладывать в пилотный проект денежные средства и другие ресурсы, ведь, в конечном счете, это позволит оптимизировать расходы и увеличить прибыль Общества.

**Ж.М. Избасаров,**
**начальник отдела автоматики, телемеханики и метрологии ДАИТиС**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# КАСПИЙ – ДОСТЫҚТЫҢ ТЕҢІЗІ

**Қыркүйек айының 18-23 аралығында Ақтауда Каспий жағалауы елдерінің I Халықаралық жастар форумы өтті. Әзірбайжан, Ресей, Түркменстан, Иран мен Қазақстанның түкпір-түкпірінен 300-ден астам білімді де білікті жас жиналды. Аталған форумға қатысып қайтқан әріптесіміз Анар Нұғмановадан жастар лагері жөнінде сұрап білген едік:**




– Мұндай ауқымды шараға алғаш рет қатысып отырмын. Бұл форум Маңғыстаудың киелі жерлері мен ескерткіштерін көрсетіп, рухани туризмді дамытуға бағытталған. Елбасымыздың "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында ұйымдастырылған форум өте жоғарғы деңгейде өтті. Әр өңірден келген жастармен танысып, жақын араласып кеттік. "Отпан-тау" тарихи-мәдени кешеніне жасаған саяхатымыз әсіресе басқа өңірден келген жастарға ерекше әсер қалдырды. Ресейден келген Елена есімді қызға туристік гид қызметін көрсеттім. Маңғыстаудың қонақжайлылығы мен салт-дәстүріне қайран қалған жастар ұлттық асымыздан дәм татып, базары тарқамаған елдің барлық сән-салтанатына куә болды. Осындайда өзің де бір марқайып қалады екенсің.

Бұдан өзге, «Каспий жастар форумының» аясында ашылған лагерьде елімізге танымал бизнес тренерлер дәріс оқыды. Сарап-шылар мен бизнес-тренерлер өз тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіпкерлік пен көшбасшылықтың қыр-сырын үйретті. Алты топқа бөлініп, әр топ Синергия (Ресей) бизнес мектебінің қазақстандық өкілдігінің директоры Б. Қасымбергебаев, WAKE UP Technology бас директоры А. Әбжанов, «Yuframe» жобалық менеджері Р. Абдуллаев, АлмаU университетінің бизнес-тренерлері В. Островский мен Р. Абдуллинді тәлімгер етіп таңдап алды. Аз ғана уақыттың ішінде тәлімгерлермен бірге бизнес-жоба жасап, лагерьдің соңғы күнінде өз жобамызды абыроймен қорғап шықтық. Форум аясында облыс әкімі Ералы Тоғжановпен кездесіп, мәдени шараларға белсене қатыстық. Алдағы уақытта жастардың басын қосатын осындай форумдар жиірек ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді. Аталған форумға қатысуға қолдау көрсеткен "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасына алғыс айтамын.

*Тарихқа тағзым*

# "СИСЕМ АТАҒА" САПАР

**Маңғыстау облысындағы ең ірі және ежелгі қорымның бірі саналатын Сисем ата өлкеміздің ру басшылары мен батырлары, белгілі тұлғалары жерленген пантион. Жетібай кентінен 247 шақырымда орналасқан республикалық маңызды тарихи-мәдени ескерткіш Маңғыстау облысы әкімінің шешімімен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қамқоршылығына бекітілген.**



Өткен тарихыңның жәдігерін көздің қарашығындай сақтау, ертеңгі ұрпаққа жәдігер ретінде аманаттау - бүгінгі ұрпақтың міндеті. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да осындай тарихи-мәдени мұрамызды сақтау, қорғау, насихаттау арқылы ұлттық жадымызды жаңғырту емес пе?! Маңғыстаумұнайгаздықтар үшін Сисем атаға зияраттау, өлке тарихын жастарға ұғындыру, ескерткішті сақтау шараларын алу дағдыға айналған.

24-25 тамыз күндері «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқарма ұжымы Сисем ата қауымында кезекті тазарту, жөндеу жұмыстарын жүргізді. Өндіріс басшылары Ж.Ешманов, А Сисенов, К.Бүркітов, Б.Дусупов мырзалар қырыққа жуық жұмысшыны жұмылдырып, қорым маңайын тазалап, жиналған күл-қоқыстарды арнаулы техникаларға тиеді. Қауым қоршауында өскен шөптерді шауып, түнеухана үйін жөндеуден өткізді, пластикалық терезе ауыстырылды. Екі күнге созылған сауапты шарада жаңадан салынатын түнеуханаға қажетті құм түсіріліп берілді.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді ата дәстүр, ата-баба рухына құран бағыштап, олардың әруақтарын қастерлеу – артында қалған ұрпақтың міндеті. Сапар барысында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқарма қызметкерлері аталар рухына арнап садақа беріп, құран бағыштады. Оған Сайөтес ауылы әкімі мен ақсақалдары қатысты. Дәстүрлі шара соңында қариялар осындай игі іске ұйытқы болған ұйымдастырушыларға алғыстарын айтты.

**Қ. Демегенов,**
**«ЖМГ» ӨБ әлеуметтік сала тобы жетекшісі**



*«Жаңғырған Жібек жолы»*

# БЛОГЕРЛЕР - «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» МҰРАЖАЙЫНДА

Маңғыстауда 14 мен 16 қыркүйек аралығында облыстық және республикалық блогерлердің «Жаңғырған Жібек жолы» атты медиа-керуені өтті. Аталмыш рухани жобаның басты мақсаты – әрбір қазақстандыққа ұлан ғайыр даламыздың тау-тасын таныту. Бұл керуен алдағы уақытта жалғасын тауып, туристік жоба ретінде жаңғырмақ.



Елімізге танымал блогерлер екі күн бойы өлкенің көрікті жерлеріне саяхаттап, бірнеше өндірістік нысандарды аралады. Құрық портының құрылысымен, «МАЭК Қазатомпром» мекемесі жұмысымен танысып, «Қазақ Осетр» ЖШС, «Ақтау Теңізпорты» АЭА, «Ақтау Керамзит» зауыты сияқты нысандарды тамашалады. Олар келесі күні Ақмыш, Шерқала, Қызыл қала, Айрақты тауларын, «Көгез» этноауылын бетке алып, «Отпан-тау» тарихи-мәдени кешенінің тарихымен де танысуға шыққан болатын. Қарақиядан құлап, Жетібай кенорнының үстімен жүрген медиа-керуен атақты алтыншы скважина басындағы ескерткішке, мұндағы Еңбек даңқы мұражайына арнайы ат басын тіреді. Бүгінде облыс тұрғындары мен қонақтарының, сондай-ақ, мектеп оқушылары мен студенттердің арнайы іздеп келетін сүйікті мекеніне айналған Еңбек даңқы мұражайы қонақтарға есігін айқара ашты. Блогерлер қауымы Жетібай кенорны қалыптасуының барлық кезеңдерінен, мұнайшы-лардың шөл далада жанқиярлық еңбегі туралы сыр шертетін сирек жәдігерлерді көздерімен көріп, құжаттар мен көне фотосуреттерді тамашалап, кенорынның күнделікті тыныс-тіршілігіне қанықты. Блогерлер сапындағы Маңғыстауға белгілі өлке танушы, геолог Бекболат Төлегенұлы да қонақтарды үйіріп, дерек пен мағлұмат жеткізіп жатты...



**Блогер Ержан Бағдатов:**

Маңғыстау дегенде әуелі ойға келетіні-мұнай. Ал, мұнай дегенде Маңғыстау сөзсіз еске түседі. «Маңғыстау» және «мұнай» бүгінде егіз ұғымдар. Бұлай болуы да заңдылық. Мұнайшылардың аға ұрпаққа құрметі, тарихи дәстүрге адалдығы мені қуантты. Алғашқы мұнайшылардың құрметіне «Тұңғыш ашушылар жасасын!» деген ескерткіштің өзі, мұражайдағы қарапайым мұнайшылардың қолымен жасалған макеттер мұнай кәсібі туралы таным көкжиегімізді кеңітті. Тіпті жұмысшы вагондағы көне күпәйкі мен темір бас киімді киіп, қара шәйнекті алдарына тартқан әріптестеріміздің суреті қазір сол Жетібай мұнай кәсіпшігіндегі сәттерімізден ыстық естелік болып қалары сөзсіз. Мұнайлы өлкеде мұнайшылардан басқа да геологтар, жол жөндеушілер, инженерлер мен алуан түрлі маман иелерінің бірнеше ұрпағы аянбай еңбек ететінін біліп қайттық. Айпақшы, мұнда жол өте керемет! Жетібайға жол түссе, бұл жерге соқпай кетпеңіз!)

**Әуесбайдың Қанаты – журналист:**

Осы медиакеруеннің аясында екі күн бойы Маңғыстау жерін араладық. Табиғатын да, тау-тасын да көріп жатырмыз. Бұл мұражайда менің екінші рет болуым. Елінді танудың өзі рухани серпіліс береді. Расында да Елбасымыздың айтып өткен рухани жаңғыруын біз сезініп жатқандаймыз. Сондықтан да әрбір азамат өзінің елін, жерін танып, руханиятын толықтырып, осындай бір жақсы әсер алып жатса, бұл нағыз рухани жаңғырудың айғағы, кепілі деп айтар едім..

...Әп-сәтте жастыққа тән жалынмен ойнақы әзіл-қалжың қағыстырған сөз шеберлері сенбінің таңындағы тыныштықтың шымылдығын серпіп тастады. Білмекке құштар өңкей қазақ жастары. Мұнайшылармен ыстық ықыласта қош айтысып, Шерқалаға бет түзеген медиа-керуен көне Жібек жолының сүрлеуімен жасампаз мұнайшы деген халықтың тарихын да көкірекке түйіп, бара жатты... Болашақты бетке алған, бабалар жолын жаңғыртуға мүдделі жаңа буын!

*Еңбек адамы*

# МАМАНДЫҒЫН МАҚТАН ТҰТАДЫ

**Орталық өндірістік қамту базасының ұжымы 6-разрядты дәнекерлеуші Еламан Рақашовтың еңбегін айрықша бағалайды. Бүгінде Е.Рақашов үздік газ-электр дәнекерлеушісі ретінде жоғары құрметке лайық.**

Рақашовтар жанұясының әдеттегі тірлігі таң ата нәпақа айырған сүйікті қызметтеріне асыға қадам басуымен басталады.

– Өзім жұмыс істейтін дәнекерлеу цехы қала маңынан 15 км қашықтықта орналасқан, – дейді дәнекерлеуші. Қара алтынды тасымалдайтын қалың құбырларды дәнекерлеу жұмысы өзіме ұнайды. Сол себепті өзге салаға бет бұру ойыма да алған емеспін.

Құрамында 15 адам жұмыс жасайтын шағын цехтың ішіне бас сұққанымызда қызу еңбектің үстінен дөп түстік. Жан-жақтан жарқыраған отты ұшқын, құлақтың барабанын жаратындай жаңғырыққа бой үйрете алмай тұрғанымызда Еламан аға "әп" дегеннен жұмысына кірісті.

Өз ісін жетік білетін еңбек адамының өмірлік арманы асқақ. Адал еңбекпен тапқан несібесі бүтін бір отбасының еркін тұрмыс-тіршілікте ғұмыр кешуіне жеткілікті екенін айтады. Бұйыртса, алдағы уақытта осы салада өз кәсібін ашып, өзінің жеке цехында жұмыс істеуді, осы арқылы кәсіпкерлік қызметін жандандыруды мақсат тұтады.

– Жұмыс барысында ешкім жарақат алмауы тиіс. Қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтаймыз. Міндетті түрде каска, көзілдірік, респиратор киеміз. Жұмыс киімімізді әрдайым қадағалаймыз. Бізде әр жұмысшының атқаратын өз міндеттері бар. Бұл өндіріс ошағының берері көп. Кәсіпорында көп нәрсені үйренуге болады. Мен жастарға мамандық таңдарда ұдайы қателеспеуге, техникалық салаларда өз ісінің маманы болып қалыптасып шығуға кеңес беремін, – дейді аға шебер.

Ырыздығына өзі себеп боп отырған Еламан "ерінбегеннің еңбегі жанатынын, аянбай істегеннің алғыс алатынын" жадына түйген абыройлы азамат. "ҚазМұнайГаз" Ұлттық Компаниясының "Үздік дәнекерлеушісі" деген атағына ие маман. Бұдан өзге, кәсіпорын басшысының Алғыс хаты мен Құрмет грамотасы тағы бар. Ол осының барлығы өзі сияқты қатардағы еңбек адамына деген ерекше құрмет деп біледі.

Диаметрі 8-12 метрлік құбырды дәнекерлеу маманның да маманының ғана қолынан келер іс.



Күннің ыстық-суығын елемей, темір пісіруді оңай деп кім айтты?! Анау Қаламқас, Жетібай өндіріс ошақтарындағы мұнай қыздыратын алып пештер осы кісілердің көз майын тауыса жүріп жасаған жұмыстары. Алып магистралдарды иненің көзіндей саңылау қалдырмай дәнекерлеуге машықтанған Еламан ағамыздың бұл салада қызмет жасағанына 44 жыл болыпты. Біз куә болған ағаның қасындағы бірер сағат, қас-қағым уақыт 44 жылға тағы бір күн қосты.

Жан-жағымызда қайнаған еңбек. Табыстың қара қазанын қайнату деген осы шығар. Сартыл темірдің, шекеңді шағатын, біріне бірі ұласып жатқан көп дыбыстың қақ ортасында әріптестерімен бірге Еламан Рақашов та жүр. Сөзден гөрі ісіне берік шебердің кәсібіне мығым екені көрер көзге ап-айқын. Байқағанымыз, дәнекерлеушінің цехтағы бүгінгі шаруасы да қашанғыдай жетіп-артылатын сияқты. Баяғы дағды, күн осы қызу еңбекпен ұясына еңкейеді. Онымен бірге қасиетті түбегінің өркендеуіне арналған 44 жылының қанжыға-тарихына бір парақ тағы байланады. Іңірде әдеттегідей ұлағатты әкені сонадайдан айбыны асқақтап, бауырын кәрі Каспий шайып жатқан Ақтауы, ұл мен қыз тәрбиелеп отырған қара шаңырағы өзіне асықтырады... Ал ертеңгі таңның несібесі өзінің сол өндірістік қамту базасында...

# ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН...

***Додасын көріп жүрген ұлы еңбектің,***
***Қожасы сендерсіңдер бұл даланың...***

**Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері – Мұхамбеткәрім Жалғасбайұлы. Еңбегімен еленген ел азаматының өмір жолы, еңбек жолынан әлқисса...**



Владивосток қаласында әскери борышын өтеген соң елге оралады. Тепсе темір үзетін жігіт екі қолға бір күрек табудың қамына кіріседі. Көп ұзамай, ел қатарлы қызметке орналасады. Бүгінде "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қарасты орталық өндірістік қамту базасының құбыр июшісі болып өз кәсібін адал атқарып келеді.

Аңқылдап қалған ағаның артынан ілесіп шағын цехқа келдік. Көп жылдан бері жалғыз өзі құбыр ию станогының қыр-сырын меңгеріп алғаны көрініп тұр.

– Кейде Қаламқас пен Жетібайға 200 дана құбыр қажет болады. Айына берілген тапсырыстың үдесінен шығу үшін бір күнде 30 дана құбырды 785 градус температурада қыздырып, иіген қалыпқа келтіремін. Бұрын ескі техника көп қолайсыздық тудыратын. Қазір жаңа техникалар алынды, – дейді аға шебер.

Өз кәсібіне деген ыждағаттылық пен талапшылдық еңбек адамының басты қағидасына айналған. Қажырлы еңбек күшін қажет ететін қара жұмыс Мұхамбеткәрім ағаның денсаулығындағы кінаратына кедергі емес. Екінші топтағы мүгедек деп дәрігерлік анықтамасы қайрат-жігерінің тасасында қалғандай. Осы тұста ағаның еңбегіне қарап тұрып тепсе темір үзетін жап-жас жігіттердің аспаннан аузыма қашан мол олжа түседі деп сыбай-салтаң ойсыз тірлігінің көңілге қораштығын ойладым. Жұмысшы кәсібінің қадір-қасиетін арттыратын кез келген сияқты біздің қазаққа, шындығында...

Мұхамбеткәрім Жалғасбайұлының маңдай тер, адал еңбекпен нәпақасын айырған кеніште қызмет еткеніне бақандай 24 жыл болыпты. Бүгінде жолдасы екеуі 3 арыстай азаматты тәрбиелеп отыр. Жақында ғана кенже ұлының шаңырақ көтеріп, қуанышы еселенгенін де айтып қалды. Немере сүйіп, ұжымында алғысқа бөленген абзал азаматтың бар жақсылығы жақын жүрсін деп өндірістік аланды артқа тастадық.

Өткенсіз бүгін жоқ. Ұрпақ алмасып, өмір жалғасқанмен, 56 жыл ел игілігіне қызмет еткен қара алтынның әрбір тамшысында Мұхамбеткәрім секілді еңбек адамдарының маңдай тері, қажырлы қайраты жатыр.

**Ж.Кемал**

*Моя история*

# ЖИЗНЬ ПРЕКРАСНА



40 лет я проработала на этом предприятии и прожила его жизнью. 40 лет. Много или мало? Сложно сказать. Если судить по прожитой жизни – то много: есть дети и внуки немаленькие, а по ощущениям – то мало что изменилось. В 1977 г. после окончания книготоргового техникума я приехала жить в г.Шевченко к маме, но по специальности устроиться не смогла – ни товароведом (по диплому), ни даже продавцом в книжный магазин – в то время книги были дефицитом и должности эти тоже. Через несколько месяцев знакомые рекомендовали меня на работу курьером в УПТОиКО (ныне база ДЗМиТС), куда я и устроилась. Потом перевели временно инженером оборудования на период декретного отпуска работника. А в конце 1978 года (через год) меня рекомендовали в аппарат ПО «Мангышлакнефть», секретарем. Генеральным директором тогда был В.И.Тимонин, главным инженером К.Д.Джуламанов, была общая приемная и 2 секретаря, у генерального директора секретарем была Шевцова Людмила Сергеевна. Меня привели к ней, она посмотрела на меня, задала несколько вопросов и позвонила в отдел кадров, чтобы меня оформляли секретарем главного инженера. И я начала работать секретарем под руководством и опекой Людмилы Сергеевны. Тогда было интересное время. В аппарате работали люди в возрасте от 40 лет и старше, пришедшие с производства, знающие все от и до. Муж Людмилы Сергеевны Шевцов Владимир Васильевич работал начальником отдела капитального строительства. Водителем генерального директора был Фигурин Павел Георгиевич, а главного инженера возил Килибаев Сарсен-ага. Водители часто заходили в приемную, пили чай, рассказывали разные истории. Людмила Сергеевна была строгая, требовательная, это касалось и порядка, и документов, и внешнего вида сотрудников. Помню курьезный случай: пришел посетитель, с производства, зашел в приемную и спрашивает меня: «Вы генеральный секретарь?» я опешила: «Вам наверное Людмила Сергеевна нужна, она будет через полчаса». И после этого начали ее называть между собой «генеральный секретарь».

Много прожито с предприятием и хорошего и грустного - и безденежье, и забастовки, и аварии на м/р из-за погодных условий, слияние отделов, разделение, юбилеи, праздничные даты, повышение зарплаты и много всего. С А.С.Сейдехановым с 1998 по 2003 годы работали по 12 часов в день, 6 дней в неделю – начиналась и велась реструктуризация Общества, велась работа по созданию ТОО «Техно Трейдинг»: собеседования, личный прием, оформление документов и отправка документов в головной офис в Алматы. Были и личные грустные и радостные моменты, и всегда сотрудники поддерживали выручали помогали. Коллектив это второй дом, в котором тоже своя жизнь. А так как приходилось работать с руководителями, курирующими разные направления деятельности, то практически со всеми департаментами и отделами пришлось поработать. Но роднее всех конечно канцелярия, в состав которой входят и секретари.

Общество ценило мою работу: награждена почетными грамотами, благодарственными письмами, ценным подарком, имею Почетную грамоту Лучший секретарь 2014 года, медаль 50 лет Мангистауской нефти.

За 40 лет довелось работать со многими руководителями, всем старалась помогать в работе в меру своих сил, решать какие-то вопросы, ведь даже чашка чая, поданная вовремя, снимает нервозность и отвлекает от проблем. А.А.Дергачев, Т.Е.Сарбуфин, С.А.Акимбаев, С.Н.Шапагатов, С.С.Сайдазимов, Ж.А.Айтенов, В.Я.Мирошников, Е.И.Баймагамбетов, Е.М.Улукпанов, З.Г.Темиртасов, С.К.Абишев, А.У.Салманов, Е.Ж.Алиев, Чиань Чунь, Чжен Чэнху – это часть руководителей, с кем непосредственно работала за эти годы и которым бесконечно благодарна за жизненный опыт и общение.

Пришло молодое поколение, люди другого формата, которые также будут работать на благо нашего Общества и государства. Желаю молодым продолжать старые традиции, создавать новые, активно участвовать в жизни коллектива и менять ее в лучшую сторону.

**Г. А. Степаненко,**
**секретарь Канцелярии ДАВ**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

*Еңбек — ер дәулеті*

# МАМАНДЫҒЫ - МӘРТЕБЕСІ



«Еңбек бәрін де жеңбек!» дегендей, бүгінгі әңгіме еңбек Адамы жайлы. «Жақын әулиенің қадірі жоқ» дегендей, қасымыздағы адал еңбек майталмандарының қадірлерін уақытында түсіне де бермейтініміз рас. Бүгінгі сөз - өңірдің қазыналы өндіріс кенорындарын үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етіп отырған 22 жылдық даму тарихы бар «Маңғыстауэнергомұнай» компаниясында 1995 жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан Сәлім Қамзаұлы Жомартов жөнінде. Адал еңбектің алғашқы «дәмін» бозбалалық шағында жонушы көмекшісінен бастап «татқан» Сәлім өз ғұмырын қарапайым еңбекке арнады десек артық емес. 15 жасынан еңбекке араласқан Сәлім Қамзаұлы орта мектепті тәмамдаған соң, Өзен бұрғылау басқармасында электромонтер көмекшісі қызметін атқарды.

1974 жылы Алматы энергетикалық институтының күндізгі бөлімінде оқып жүрген студент Сәлімді әскер қатарына шақырды. Азаматтық борышын адал атқарып келген Сәлім Алматыдағы құрылыс материалдары және құрастыру комбинатына орналасып еңбекке араласты. Жас жігіттің өз ісіне деген еңбексүйгіштігін шет жердегі жәй-күйдің болмағандығы сағын сындырмады. Еңбек пен білімді бойына қатар сіңірген Сәкең аталған жоғары оқу орнын 1982 жылы бітірді. Жастық шіркін жалын атқан жанартау емес пе, қанша жерден қажып-талып, шаршап-шалдығып келсе де, сәл уақыт көз ілдіріп алса тыңайып қалатын Сәкең қайнаған еңбек қазанында жүріп, құрыштай құйылып, шойындай шынықты.

Әрине, өз ісінің майталман шебері болу - әр азаматтың бақыты. Өз бақытын еңбектен тапқан Сәкеңе мекеме басшылары рет-ретімен участок шеберінен бастап қызметтің бас инженеріне дейінгі қызметтерді сеніммен тапсырды. Атқарылатын іске деген жауапкершілік, әріптестерге деген өзара түсінушілік, сыйластық, теориялық білімді практикада қолдана білу секілді қасиеттерді бойына сіңіре білген Сәлім Қамзаұлы өз ортасының беделді азаматы, жастардың ұлағатты ұстазы болды. 20 жылдан астам табанды еңбегінің арқасында ұжым қалаулысы атанған Сәлім Жомартовты әріптестері 2016 жылы қарапайым жұмысшылардың ортақ мүдделерін қорғайтын «Маңғыстау-энергомұнай» Серіктестігі қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ бірлестігінің төрағасы етіп, жауапкершілігі зор қызметке сеніммен сайлады. Бір жылға жетер-жетпес уақыт ішінде Сәкең жұмысшылардың әлеуметтік жағдайларының жақсаруына, еңбек адамдарының қоғамдық ролін арттыруға көп жұмыстанды. Қызметкерлер арасындағы мәдени шаралар, салауатты өмір салтын насихаттау, тарихи мұраларды сақтау, ұжымдық шарт талаптарын орындау - бүгінгі таңдағы Сәкең басқарған кәсіподақ бірлестігінің міндеттері еді.

Адал еңбегі үшін Сәлім Қамзаұлын «МЭМ» серіктестігі, сол кезде «Комсомольскнефть» Басқармасы, «Мангышлакнефть» Бірлестігі бірнеше рет Мақтау грамоталарымен марапаттады. Сәкең сол заманның «ХІ және ХІІ бесжылдықтардың екпіндісі», 1983 және 1986 жылдардың «Үздік маманы», 1984 және 1985 жылдардағы «Құрмет тақтасының» үздігі, 2013 жылдың «Үздік адамдар» энциклопедиясының Құрмет белгісінің иегері, ал 2017 жылы «Еңбек ардагері» медалінің иегері атанды.

Әрине, С. Жомартовтың табанды еңбегі мен тар жол тайғақ кешкендей еңбек өмірі жайлы ұзақ та, жастарға үлгі боларлықтай сыр шертуге болады. Ескінің көзіндей, өмірінде еңбектің ізі қалған Сәлім Қамзаұлын «Маңғыстауэнергомұнай» Серіктестігі үнемі мақтаныш тұтып, адал еңбегін кейінгі жас ұрпаққа, өңір жұртшылығына паш ете отырып, деніне саулық, шаңырағына береке мен байлық тілейді.

**Р. Сарсенгалиева,**
**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС қызметкері**

# ШЕБЕР ЖІГІТ - ЖАНАЛЫ

**Қасиет тұнған мұнайлы өлке Маңғыстау топырағында дүниеге келіп, Қазақстанның болашағы үшін қызмет ету әрбір жан үшін асқан бақыт. Еліміздің «қара алтыны» атанған мұнайы – ел экономикасының дамуына үлкен ықпал етіп отырған байлығы.**



Әлемдік аренада өзіндік орын тепкен қазақ мұнайының еліміздің өркендеуімен қатар, экономикамыздың қарыштап дамуында зор үлесі бар. Қазақ мұнайының тарихы сонау ерте заманнан қара жерден қауғалап мұнай тартып, түйелі көштің қомына бөшкелеп мұнай артқан мұнайшы бабаларымыздан бастау алған. Бүгінгі таңда ұрпақтары заманауи үлгіде мұнай өндіріп, мұнай өндірісін қарыштатып дамытуда. Сондай ұжымның бірі - «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жетібай өндірістік басқармасына қарасты Асан Сүлейменов басқаратын ұңғыларды жерасты жөндеу цехы. Тәжірибелі маман, үздік басшы цехында қазіргі таңда көптеген мамандық иелері жұмыс жасауда.

Күн - түн демей ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген азаматтардың бірі осы цехтың аға шебері Жаналы Таңбаев. Жаналы 1973 жылы Жетібай ауылында дүниеге келіп, осы ауылда орта мектепті бітіріп, 1991 жылы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында ұңғыларды жерасты жөндеу операторы болып еңбек жолын бастады. Еңбекпен қатарласа жүріп, Отан алдындағы борышын өтеп, Маңғыстау политехникалық колледжін бітіріп, «мұнай-газ ұңғыларын пайдалану» мамандығын меңгерді. Бүгінде өз ісінің қыр-сырын жетік меңгерген аға шебер. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші Жаналы үздік маман, жас буынға тәлімгер аға, шебер ұйымдастырушы, асыл жар, балаларына ақылшы әке, отбасы тірегі.

Бүгінгі таңда осы аталған ұжымда өздеріне берілген барлық міндеттерді абыроймен атқарып жүрген Жаналымен қатар, үзеңгілес аға шеберлер А. Қыдырбаев, С. Тегісбаев, Т. Бесімбаев, Ж. Әбішев және кейінгі жас буын-шебер М. Сәрсеновті де атап өтсек артық болмас. Қарамағындағы жұмысшылардың абыройлы да, жауапкершілікпен жұмыс жасауы ол білікті басшы Асан Сүлейменовтың еңбегі десек еш шүбә болмасы белгілі. Бүгінгі таңда ауызбіршілікте бірігіп жұмыс жасап келе жатырған жұмысшылардың еңбектерінің арқасында Серіктестіктің жұмысы әлі де алға қарай дами беретінін сеніммен айта аламыз. Бұл жетістіктер әрбір цех қызметкерінің күш-жігері мен қажырлы еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

**А.Алдабергенова**
**«Oil Services Company» ЖШС**

# ЖҰМЫССЫЗ ЖҮРГЕН КҮНІ ЖОҚ




Сәрсенғали Дүйсенғалиұлы Әбділдіков терең тарихы бар, кезінде Маңғыстаудағы ең сулы, ең нулы болған, ертеде талай жұрт келіп, талай жұрт кеткен киелі Тұщықұдық жерінде дүниеге келіпті. Бозащының орталығы болып саналатын Тұщықұдықта бастауыш мектепте оқып, орта білімді Онды ауылында алып шықты. Мектеп бітірісімен Башқұрт жерінде Отан алдындағы борышын өтеп келді.

Балалық шағында шағыл құмда алаңсыз ойнап, кәусар бұлақтан қанып ішіп ер жеткен ауыл баласы қаршадайынан ауылдағы мектептегі білім беру ме, қоғамның жұмысы ма, елге ортақ іс пе, еш қажымайтын әкесі Дүйсенғалидың, ертелі-кеш колхоз, совхоздың тракторын айдап, малын бағып келетін де үйдің шаруасына білек сыбана кірісіп кететін ағаларының әрекеттерін көріп-біліп, еңбексіз өмірдің мәні де, сәні де жоқ екенін танып өсті.

Сәрсенғали өткен ғасырдың 90-жылдары «Маңғыстаумұнара» кәсіпорнына қарапайым жұмысшы болып келіп, мұнай саласындағы еңбекке білек сыбана кіріскен болатын. Осы мұнара монтаждау саласының майталмандары Айтуған Мұнатов, Бердібек Романның мектебінен өтіп шыңдалды. Оның міндетіне көнігі мамандардың жетекшілігімен мұнараларды орын ауыстыруға дайындау, ірі блокты негіздер үстіндегі бұрғылау жабдықтарын тасымалдау кіретін. Ынтасы болған соң қандай іс болса да қиыншылбай, Қаламқас кен орнында салынған ірі-ірі құрылыс нысандарында еңбек етіп, серіктестік табысына бүгінге дейін өз үлесін қосып келеді. Монтажшылар бригадасында шебердің міндетін де абыроймен атқарады, бұрғылау және қазандық қондырғыларын құру, монтаждауда барлық құрылыс және монтаждау жұмыстарын атқарады, биіктіктегі жұмыстарды орындайды. Бұрғылау жабдықтарын тасымалдау жолын таңдауға, құбырларды салуға, сорғыларды таңуға, барлық желістерді сынақтан өткізуге қатысады. Түсіру-көтеру операцияларын автоматтандыру механизмдері кешенін, металл құрылмаларын және басқа техниканы құрастыру және бөлшектеуді де бес саусағындай біледі.

Арнаулы техникалық білім алмағанмен осы кәсіпорындағы оқу комбинатындағы курстарға белсене қатысып, өз мамандығын үздік игеріп алды. Сырт көзге қарапайым көрінгенмен, бүгінгі заманның жұмысшысы қандай болады десең мамандығына қойылатын біліктілік талаптарын жоғары деңгейде меңгерген Сәрсенбай Әбділдіковті үлгі етуге әбден болады.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**




# ЖАҢА ҚОНЫС – ЖАҢА СЕРПІЛІС








Мұнайлы Маңғыстау өлкесінің қазыналы мекені болып саналатын Қаламқас кен орнында үстіміздегі жылдың 8-ші қыркүйегінде атаулы оқиға орын алды. Бұл аймағымыздың ең ірі көлік мекемесі, мұнай өндіруші мекемелерге көлік қызметін көрсетететін «Ойл Транспорт Корпорейшэн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты «Бозашы» технологиялық көлік басқармасының жаңа 400 орындық базаға қоныс тебуі. Бұл қуанышты оқиға - мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келді.

Заманауи талаптарға сай жасақталып салынған базаның ашылу салтанатын «ОТК» ЖШС ұжымымен бөлісуге «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының сервистік мекемелері өкілдері де қатысты. Әсем безендірілген қақпаға керілген лентаны серіктестіктің бас директоры С. Кеулимжаев пен мекеме кәсіподақ комитетінің төрағасы М.Темірқасов қиып, базаны ресми түрде ашты. Әрі қарай С. Кеулимжаев Маңғыстау жерінің құбылмалы табиғатының аясында, яғни қыстың салқын боранына, жаздың аптап ыстығы мен шаң-топырақты желіне шыдап, ерен еңбек етіп жатқан компания жұмысшыларының еліміздің экономикасына қосып отырған үлесінің ерекшелігін атай отырып, жаңа қонысқа көшулерімен шын жүректен құттықтады.

«ОТК» ЖШС Кәсіподақ комитетінің төрағасы М.Темірқасов 2015 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК төрағасы С. Мыңбаев «Бозашы» технологиялық көлік басқармасына келген сапарында басқарма гаражын аралап, қандай жағдайда екенін көріп, жаңа гараж салып беруге уәде еткенін айта келіп, сол уәденің бүгін орындалғанын, өзінің жұмысшылар үшін өте қуанышты екенін, енді техниканың жайлы да жылы бокстарда тұратынын айтып, жиналғандарды мерекемен құттықтап өтті.

1979 жылы 23-ші тамызда Қаламқас жерінде алғаш мұнай бұрқағы атқылаған кезден бастап «Бозашы» технологиялық көлік басқармасының ірге тасы қаланып, сол



жылдары салынған база мұнай өндірісіне осы күнге дейін қызмет етіп келеді. Сондықтан да бұл базаның Маңғыстау мұнайын өндірудегі алатын орнының ерекше екендігіне дау жоқ. Бұл туралы баяндаған Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Б. Сүгіров қос мерекемен құттықтап, қазіргі заман талабына сай жаңа база салудың қажеттілігіне орай «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы көрсетіп отырған қамқорлығының арқасында жаңа жайға көшу мүмкіндігінің туғанын және осы жаңа қонысымызды таза да ұқыпты ұстауымыз керектігін айтып өтті. мырза да бүгінгі

Мереке әрі қарай Серіктестік қызметкерлерін мұнайшылардың кәсіби мерекесі құрметіне марапаттаумен және көңілді ән-күймен жалғасын тапты.

**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС**






*Қайырымдылық*

# ЖАҢА ҚОРДЫҢ АЛҒАШҚЫ АСАРЫ

**Осыдан бір ай бұрын "Өзгенің қайғысына ортақтаса білу де – сауап. Ендеше, сауапты істен құр қалмайық. Әріптес әріптестің көмегіне қашанда мұқтаж", – деп асарлатып жинаған Қордың алғашқы жарнасы да құйылды. Құрамында 6000 мың адам қызмет ететін Компаниямыздағы әріптестеріміз бастамадан сырт қалмағаны қуанарлық жайт. Әзірше қорға түскен қаражат көлемі 279 мың теңге. Аз да болса, көмекке мұқтаж жанның жыртығын жамауға, иығын бүтіндеуге жетіп артылды.**



Қыркүйек айының 22-күні Ақшұқыр мектебінде оқитын тұрмысы төмен отбасылардың бүлдіршіндерін ертіп жүріп, "Ақтау" сауда орталығын аралаттық.

Тағдырдың тауқыметін көрген балалар. Біреуінің әжесінен басқа ешкімі жоқ, мөлдіреп тұрған бір қыз баланың балалық шағы балалар үйінде өтіпті. Анасы сырқат, баға алмаған. Қазір анасының қасында екен. Жанары сынық. Бейкүнә уыздай бала. Енді бір ұлда салдың салқыны бар. Енді бір қызғалдықтың баспанасы жоқ, базада тұратындығын білдік. Қыстық, күздік киімдерін, қос-қос аяқ киімдерін, мектеп формасын, бас киімдерін мұнайшы аға-апаларың дүниенің дұрысынан таңдап алып бер деп аманаттаған дегенді естігенде тұрмыстың қиындығын, таршылықты көріп жасып қалған балалардың жүзіне күлкі жүгірді. Өздері Ақтау кешенінде бірінші рет екен.

... Жерде бала қуанса, көкте періште қуанады деген. Киім иықта тозар-ау, адамға деген сенім, дүниеде адамның адамға жанашырлығы баланың көкірегінде қалары анық. Қатыгездіктің салқыны қайрымдылықтан ығысады. Тал шыбықша қалай исең, соған көнетін сәби болмыс жақсы болғанның жақсы екенін қабылдайды. Тәрбиенің, ізгіліктің құйттай дәні кетеді әр балада. «Ертең мына біздер пенсиядағы кемпір-шал болғанда, сендер ел басқарған азамат қатарына ілініп, бізді қамқорлайсыңдар, ол анық» деген жігер беру сөзімізді көздері жанып қабылдады. Қатты риза болғанымыз, «Катон», «Дефакто», «FLO» сауда орталықтарындағы қазақтың қарашадай ұл-қыздары зыр жүгіріп, әкімшіліктері белгілеген өздеріне тиесілі жеңілдікті, бонусты балаларға беріп, қоймадан тиісті размерлерін тауып әкеліп, жүректің шуағына балаларды көміп тастады...





Қоштасарда кішкентайлардың біразға дейін қуанышы басылмады. Бірі – су жаңа аяқ киімін, бірі – қалың күртешесін, енді бірі жылы жейдесін қызықтап, мәз-мейрам. "Мен енді сыныптағы ең үздік оқушы боламын. Бізге жасаған жақсылығы үшін қайырымды ағаларға көп рахмет!", – дейді Адай есімді пысық бала.

Аталмыш мектеп-лицейдің әлеуметтік мәселелер жөніндегі маманы Сандуғаш Сағынғалиева күн бата қаладан қайтқан балаларын күтіп алып, баладан бетер қуанған ата-аналардың "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы мұнайшыларына шексіз алғысын жеткізіп, өзі де қатты толқыды.

Өз атымыздан "Мұнайлы Өлке" қайырымдылық қорына қаржы құйған барлық әріптестерге алғыс айтамыз. Көп түкірсе көл деген осы. Қорға мүшелікке өтіп, сауапты іске тамшыдай болса да үлес қосам деген әріптестерді асарға шақырамыз. Біз біріксек, әріптестің ғана емес, бүтін бір елдің, мұнайлы мекеннің мұқтажына қарайласар ек. Елдік істе енжарлық танытпайық! Қолдау – Сізderден!

**Ж.Кемал**

# ҮМІТТІҢ ЖАҒЫП ШЫРАҒЫН...




Қатер аяқ астында. Жетібай ауылының тұрғыны тоғыз жасар Аққөркем Амангелдіқызы 2014 жылдың наурыз айында көлденеңнен күйік жарақатын алатын болатын. Облыстық ауруханада, кейін Астанадағы «Ана мен бала» ауруханасында жасалған ота күткендей нәтижесін бермеді.

Жақында Аққөркем үшін үміт оты жанғандай болды. Ресей клиникаларының бірінде жасалатын күрделі отадан үміті зор. Тек қаражат мәселесі қол байлау еді. Ауыл әкімі Қуаныш Асановтың көмек көрсету туралы өтініш хатынан соң жетібайлық әріптестеріміз бұл жолы да мәселеге бей-жай қарап қала алмады. Кішкентай Айкөркемге «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнайшылары шұғыл көмекке келді. Кенорнындағы барлық цех ұжымдары ұйымшылдықпен жұмылып, аз уақыт ішінде бір ауыздан 466 500 теңге қаржы жинап берді. Соның арқасында балдырған жуық арада Мәскеуге жол жүрмек.

18 қыркүйек күні жиналған қаржыны «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығы Жолдасбек Ешманов Аққөркемнің өзінің қолына табыстады. Осынау игі іске ауыл әкімі, Аққөркемнің әжесі мен анасы Нұргүл куә болды.

– Бізге көмек қолын созған барлық жандарға шын жүректен алғыс білдіреміз. Бұл шынында біз үшін өмірлік маңызды өте маңызды жайт. Ендігі арманым – Аққөркемнің сырқатынан жазылып, қатарына қосылуы, – дейді анасы Нұргүл Ордабаева.

- «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнайшылары осы тұрғылықты елдің қамқоры. Ел болған соң сан мұқтаж шаруа шығып жатады ғой. Қай кезде де мұнайшыларға жүгінеміз, олардың да қайырымдылық шарадан қапы қалған жері аз. Сондықтан да ұжымға айтар алғысымыз шексіз. Әрдайым көмекке зәру отбасыларға, мұқтаж жандарға ақшалай және моральдық тұрғыдан берілетін сансыз көмек сіздердің мекемелеріңіздің үлесінде,-деп Жетібай ауылының әкімі Қуаныш Асанов ризашылығын жеткізді.

- Мұқтаж отбасыларына, әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған топ өкілдеріне, денсаулығына байланысты қиын жағдайда қалған адамдарға қолдан келгенше көмек көрсетіп келеміз. Мұндай ізгі шаралар болашақта да жалғаса береді деп ойлаймын,- дейді «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Жолдасбек Ешманов. Айта кететін жайт, осы ұжым «Мектепке жол» бағдарламасының аясында бірнеше мектеп оқушыларына да тұрақты көмектесіп келеді.

Дүниені ұстап тұрған – жақсы адамдар деген аталы сөз біздің әріптестерімізге қарата айтылғандай. Қайырымды жандар барда ертеңгі күнге деген сенім де нық бола түсері анық.

**Қазан айының басындағы күні «Қарттар күні» аясында «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ» бастауыш партия ұйымы мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен қайырымдылық акция өтті.**

# ҚАРТТАРЫМ - АСЫЛ ҚАЗЫНАМ




Үлкендерге құрмет көрсету – атамыз қазақтың ежелден келе жатқан бұлжымас қағидасы. Жас мамандардың кезекті атқарған іс-шарасы Қоғам зейнеткерлеріне қолдау көрсетуге арналды. «Қартқа – құрмет, жасқа - міндет» дегенді әрдайым ұстанатын біздің жастар алғаш болып компанияда жиырма жыл еңбек етіп, зейнетке шыққан Жәмші Бисекенова апайдың үйіне тоқтады. Жалғыз ұлынан айырылған қамкөңіл жан жалғызілікті болса да, немересінің келіп, көмек қолын созып тұратынына шүкір етеді. Өндірдей жастардың жүрек жылуына шомылған анамыз көз жасын ірке алмады. Қоштасарда көз көрген өзімен жұмыстас болған кейінгі баласындай болған әріптес інілеріне сәлемін жеткізуді аманаттады. Компания әкімшілігінің әркез рухани жағынан да, материалдық жағынан да кемдік көріп отырған жандарға көмек қолын созуға дайын екендігін жеткізген жастар: «Сіздерге қамқорлық жасау – біздің перзенттік парызымыз. Компаниямыздың өсіп-өркендеу жолында маңдай терлеріңізді төгіп, сүбелі еңбек еттіңіздер. Ұлағатты жолдарыңыз жас буынға үлгі-өнеге. Мерейлі мерекеде сіздерге денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз», – деп Жәмші апаймен қимай қоштасты.

Қазыналы қарттарға деген сый-құрмет көрсету үрдісін нық ұстанған жастар «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында біраз жылдар жүргізуші және слесарь болып еңбек етіп, мүгедектікпен зейнеткерлікке шыққан Бақытбай Ещан мен Сәрсенбай Камалов ақсақалдарға да амандасып, мол қылып азық-түлік жеткізді. Өз кезегінде қариялар ұлық мерекемен құттықтап, жүрекжарды лебіздерін жеткізген жастардың қамқорлығына көңілдері толқып, ризашылықтарын білдіріп, баталарын берді.

Көңілге тоқып шыққан бір ой – кешегі мұнай өндірісінде қатар еңбек еткен, бүгін тағдырдың жазуымен өмірдің өзімен бетпе-бет қалған ақсақалдарымызға осындай қиындау кезеңде бір мезгіл көңілдерін аулап, қол көмегін көрсетіп барып тұруды дағдыға айналдырса артық етпес еді. Кейде тоқшылықтың өзінен де сабақ алған дұрыс-ау. Әсіресе, ұжымдағы жастарға тәрбие-сабақ болар еді. Әр цех жастардан қамқоршы топ құрып, бір барғанда үй шаруасын көтеріп тастап, бір барғанда күнделікті азық-түлігімен қамтып, дәрі-дәрмегін жеткізсе де құба-құп. Қамшының сабындай ғұмыры бар, бір күн сырқат, бір күн сау аға-апаларымызға дүния емес, көңіл қымбат екеніне куә болып қайтқасын ойды ортаға салу - парыз.

**Л.Жолдыбаева**




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-601 212-603, 212-606

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500